

Ш.Қ. «Ерсұлтан» жеке «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы.

Тақырыбы: «Ел қорғауға әзірміз»

Өткізген: А.Ш Ихсанова.

2025-2026 жыл

# «Ел қорғауға әзірміз»

## Жеңіс күні

Мақсаты: жас ұрпақты елін, жерін, Отанын сүйуге баулу.

1 - жүргізуші: Құрметті қонақтар! Ұлы Жеңістің мерейтойына арналған тәрбие сағатын бастауға рұқсат етіңіздер.

Хор -« Жеңіс жыры»

2 - жүргізуші: Жер жүзінде нұр шашып Жеңіс күні,

Жақсы үміттің шырағы жанды міне!

Аспан бетін қаптаған қара тұман

Серпіліп, зұлымдықтың сөнді түні!

1 - жүргізуші: Жер бетін қан сасытқан соғыс бітті!

Жер бетінен жамандық мүлдем үрікті!

Жеңістің жарқын күнін жыр қыламыз,

Аспандатып жырлаймыз жақсылықты.

1 - жүргізуші: Жаңғыртып әнмен аспан кеңістігін,

Халқымыз қуанышты тегіс бүгін

Жауды жаншып, Отанды азат еткен,

Құрметтеп қарсы алады Жеңіс күнін,- деп ақын жырлағандай, біз үшін Жеңіс күнінен асқан қымбат мереке жоқ. Әрбір көктем бізді ойша осынау ұмытылмас күнге 1945 жылдың 9 - мамырында қайта оралды.

Ардагерлерді құттықтау үшін сөз балабақшамыздың директоры

С. М. Мажидоллақызына беріледі.

1 – бала «Жеңіс» деген – жақсылықтың сыңары,

Жігер менен құштарлықтың құралы,

Күрескердің арманы мен ұраны

Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

2 - бала: Шынында бұл - оралған мыңнан бірін,  
Бақ нұрына жүзінді туған күнің  
Жеңіс күні өзіндей көзі тірі,  
Майдангерлер бәріңнің туған күнің.

3- бала : Қара бұлтқа оранбасын күн көкте,  
Барлық халық бейбіт өмір сүрмекте  
Отанының бақыты үшін мерт болған  
Батырларды есінде ұста, құрметте!

4 - бала: Сен құрметте оны!  
Түсіндің бе қарағым?  
Ол ақшаға сатқан жоқ,  
Тізеден кесіп аяғын.  
Еріккеннен ұстап жүрген жоқ,  
Қолындағы ұзын таяғын.

5 бала

Қосамыз біз өлеңге,  
Айтамыз біз ән қылып.  
Мәншүк әпке ерлігі,  
Ұмытылмас мәңгілік.

6 бала

Әлия Маншүк апамыз,  
Бауыржандай атамыз.  
Фашистерден Отанды  
Қорғап батыр атанды.

7 - бала

Анамыздай тілеу ақ,  
Отан біздің біреу ақ  
Ол біздің Қазақстан.

8- бала

Сарқылмайтын қуатым,  
Тірегімсің Қазақстан  
Мәңгі соғып тұратын  
Жүрегімсің Қазақстан.

9- бала

Отан жерім, Отан суым,  
Отан қуат нәр береді.  
Отан ұран Отан туым,  
Отан мәңгі гүлденеді.

10 - бала

Жеңіс деген жақсылықтың сынары,  
Жігерменен құштарлықтың құралы.  
Күрескердің арманы мен ұраны,  
Қуанышпен мерекенің бұлағы.

11- бала

Отан сенің ата -анаң,  
Отан досые бауырың.  
Отан өлкен Астанаң,  
Отан аудан ауылың

12 - бала

Біз балдырған тең басқан,  
Дос құшағын кеңге ашқан.  
Тілейміз бейбіт күн,  
Ашық болсын кең аспан.

13- бала

Туған жерге толамыз,  
Ертен жігіт боламыз.  
Отан ортақ үйіміз,  
Көңілді ән мен күйіміз.

14 - бала

Ашық болсын күніміз,  
Биік болсын туымыз.  
Тату болып халықтар,  
Аман болсын балалар.

15 - бала

Ұлы Отан қамы үшін,  
Отпен суды кешеміз.  
Жібермейтін намысын,  
Солдат болып өсеміз.

16- бала

Біз еліктеп өсетін,  
Батырларың десе кім?  
Әлия, Мәншүк апамыз,  
Бауыржандай атамыз.

17- бала

Біз Отанды сүйеміз,  
Біз Отанға адалмыз.

**Ән: «Солдат болам мен ертең»**

**Ән: «Ел қорғауға әзірміз»**

Осымен Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған «9 мамыр - Ұлы Жеңіс күні» атты шағын мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды.